| Қысқа мерзімді жоспары | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Бөлім** | Компьютер таңдаймыз | | | |
| **Педагогтың аты-жөні** | «Балдәурен» РОСО филиалы, Давидов И. У | | | |
| **Күні** | | | | |
| **Сынып 9** | Қатысушылар саны | | Қатыспағандар саны | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Компьютердің конфигурациясы | | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 9.1.1.1- компьютердің міндетіне қарай конфигурациясын таңдау. | | | |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлық оқушылар:** | | | |
| | Компьютердің негізгі құрылғыларымен танысу. | | | |
| | **Көптеген оқушылар:** | | | |
| | Дербес компьютердің ішкі және сыртқы құрылғыларының қызметін анықтау. | | | |
| | **Кейбір оқушылар:** | | | |
| | Пайдалану және мақсатына қарай компьютер конфигурациясына тұжырым жасау. | | | |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақтың кезені/ уақыт | Педагогтың әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағала у | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | 1.Оқушылармен амандасу.<br>2.Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру.<br>Ой сергіту. «Толағай» ойыны.<br>Екі топ болып қатарға тұрады. Бірінші топ – мәшине, екінші<br>топ ұшақ құрастыруы керек. Ол үшін алдында кездескен<br>кедергілерден сүрінбей жылдам өтіп, өздеріне қажет құралдарды алып барулары керек. Қай топ бірінші болып<br>құрастырса, сол топ жеңімпаз болады. Жеңімпаз топ мадақталады.<br>«Өкіл» әдісі.<br>1-топ: «Әлеуметтік желіде ақпарат алмасу».<br>2-топ: «Плагиат» дегеніміз не? тақырыбында постер жасайды. Топтар бір-бірлеріне келген өкілдерге жұмыстарын түсіндіріп береді.<br>Ауызша мадақтау, ынталандыру. | 1.Мұғаліммен амандасады.<br>2.Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады.<br>3.Сабақтың мақсаттарымен танысады. | Стикер | Слайд |
| **Сабақтың ортасы** | Жаңа тақырыпты түсіндіру.<br>Миға шабуыл<br> Дербес компьютердің қандай құрылғыларын білесің?<br>Олар жайлы әңгімеле.<br> Істеп тұрған компьютердің ішкі және сыртқы құрылғыларының техникалық сипаттамаларын қалай білуге болады?<br>Жаңа білім.<br>Мұғалімнің түсіндірмесі бойынша мәтіндік редакторлардың<br>айырмашылығымен таныстырады. | Мұғалімді тыңдайды | Электро ндық журнал ға бағалан ады | Слайд |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Жаңа білім.**<br>Мұғалімнің түсіндірмесі бойынша мәтіндік редакторлардың айырмашылығымен таныстырады.<br>**Кестемен жұмыс**<br>Компьютердің негізгі құрылғылары / Дербес компьютердің ішкі құрылғылары / Дербес компьютердің сыртқы құрылғылары / Жұмыс істеп тұрған компьютердің конфигурациясын тексеру<br>Дескриптор<br>Дербес компьютердің ішкі, сыртқы құрылғыларының қызметін анықтайды.<br>Топтық жұмыс<br>Пайдалану мақсатына қарай компьютерлердің конфигурацияларын таңдаңдар. Мақсатына қарай компьютер құрылғыларының техникалық сипаттамаларын анықтаңдар .<br>Дескриптор<br>Компьютер конфигурациясын дұрыс таңдайды.<br>Жұптық жұмыс<br>Дизайн маманы үшін қажетті компьютердің конфигурациясына құрылғылар таңдап ұсыныңдар.<br>Дескриптор<br>Компьютер конфигурациясының маңыздылығын тұжырымдайды.<br>Оқушылардың жұмыстары қоржынға фишкалар жинау арқылы бағаланады. | | | Фишкалар, қоржын |
| **Сабақтың соңы** | Дәптермен жұмыс<br>Жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындау.<br>1. Компьютердің қандай түрлері бар? Оларға сипаттама бер.<br>2. Дербес компьютер дегеніміз не?<br>3. Компьютердің ішкі құрылғыларына не жатады? Сипатта.<br>4. Сыртқы құрылғыларға қандай құрылғылар жатады? Сипатта.<br>5. Компьютерде орнатылған программалық жабдықтармен құрылғылардың сипаттамаларын қалай көруге болады?<br>«БББ кестесі» әдісі. Оқушылар сабақ туралы не білетінін, не білгенін, не білгісі келетінін кестеге жазады. | Өзін-өзі бағалау. | | Оқушының дәптерімен жұмыс |